



АЛМАТЫ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№33 (147) 31 шілде 2026 жыл

ҚЫЛЫСТЫҢ АЛДЫН АЛУ

Адалдық пен заңға құрмет

Алматы облысы ардагерлер ұйымының бастамасымен республика көлемінде ең алғашқы болып, Еңбекшіқазақ ауданында аудандық полиция басқармасымен, ардагерлер ұйымымен тығыз қылмыстың алдын алу іс шараларында бірге жұмыс атқару жоспарланды. Отырысқа аудандық бөлім, мекеме басшылары, құқық қорғау органдарының өкілдері, ауыл округтері әкімдері, ардагерлер және «Асыл ана» кеңесінің мүшелері, жастар, қоғамдық бірлестік мүшелері шақырылды.

Осы басқосуда аудандық полиция бөлімі бастығының міндетін атқарушы, полиция полковнигі Төлеу Мархамедов аудан аумағындағы қылмыстық ахуалды сауықтыру мәселесі туралы баяндама жасады.

- 2026 жылдың 2 тоқсанының қорытындысымен Еңбекшіқазақ ауданында қылмыстық жағдай тұрақты - деп бастаған ол өз сөзінде аудандағы ахуалды айтты. - Жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтар 27,3 пайызға, жалпы қылмыстардың тіркелуі 40,9 пайызға, оның ішінде ауыр қылмыстар 2,2 есеге, аса ауыр қылмыстар 71,4 пайызға өскен. Ауырлығы орташа қылмыстар 25,6 пайызға

шықса, «Иссык» газетінде 10, сайтта 8 материал жарық көрді.

Өткізілетін барлық профилактикалық іс-шаралар, кездесулер, акциялар мен түсіндіру жұмыстары бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде кеңінен жарияланып, тұрғындар арасында тұрақты ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Құқықтық мәдениетті қалыптастыру мақсатында аудан көлемінде көрнекі үгіттік құралдарын пайдалану жұмыстары да жүйелі жолға қойылған. Есік қаласы мен ауылдық округтерде 7 билборд пен 20 баннер ор-

түрде жүктеліп, халықты ақпараттандыру жұмыстары жасалып тұрады. Сонымен қатар қандастар арасындағы алаяқтық мәселесінің көбеюіне байланысты құқық қорғау орган қызметкерлері ауылдық округ әкімі аппаратының ғимаратында округ аумағындағы қандастардың қатысуымен түсіндірме жұмыстары жасалып, ақпараттық парақшалары таратылды.

Қаратұрық ауылдық округінде 138 NEET санатындағы жастар бар. NEET санатындағы жастарды жұмыспен қамту және құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында ауылдық округте тиісті жұмыстар жүргізілді. Жұмыссыз жүрген жастармен жеке түсіндіру кездесулері ұйымдастырылып, оларды еңбекпен қамту шараларына тарту нәтижесінде, NEET санатындағы 32 жас алма бақтарда маусымдық жұмыстарға тартылып, уақытша жұмыспен қамтылды. Бұл шара жастардың еңбекке ынтасын арттыруға, әлеуметтік белсенділігін күшейтуге және жұмыссыздықтың алдын алуға ықпал етті.

Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында ауылдық округ аумағындағы қоғамдық орындарда құқық қорғау органдарымен бірлесіп 11 профилактикалық рейдтер өткізіліп, екі кәмелетке толмаған азаматтардың ата-аналарына айыппұл салынды. Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта заңды өкілсіз жүруінің алдын алу, жол қозғалысы қауіпсіздігі мәселелері, алкоголь, темекі өнімдерін тұтыну мәселесі бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Тұрғындар арасында құқықтық түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, қоғамдық тәртіп пен санитариялық талаптардың сақталуына бақылау күшейтілді. Елді мекендерді санитарлық тазалығын қамтамасыз ету мақсатында округ әкімі аппаратының мамандары мен учаскелік полиция өкілдерінің қатысуымен Әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 505 бабы бойынша 246 әкімшілік хаттама рәсімделіп, 11 азаматқа айыппұл салынды. Бұл жұмыстар заң талаптарын сақтап, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етеді.

«Заң мен тәртіп» идеологиясы аясында ауылдық округ аумағында жабайы (рұқсат етілмеген) сауданың алдын алу және заңсыз кәсіпкерлік қызметке жол бермеу мақсатында тұрақты рейдтік іс-шаралар жүргізілді. Рейд барысында рұқсат етілмеген орындарда сауда жасау фактілерінің алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді. Азаматтарға қолданыстағы заңнама талаптары түсіндіріліп, сауданы тек заңда белгіленген орындарда жүргізу қажеттігі ескертілді. Аталған жұмыстар қоғамдық тәртіпті сақтау, санитариялық талаптарды қамтамасыз ету және заң талаптарының сақталуын күшейту мақсатында алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Ауыл тұрғындарының құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында тұрғындарға құқықтық кеңестер беру үшін Қаратұрық



ақсақалдар кеңесімен, аналар кеңесімен, жастар ұйымдарымен және қоғамдық ұйымдармен бірлесіп профилактикалық іс-шараларды тұрақты түрде ұйымдастырып келеді.

Жастар арасында құқық бұзушылықтың, буллингтің, есірткі пайдаланудың алдын алу бағытында мектептерде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің қатысуымен 25 кездесу ұйымдастырылды. Әлеуметтік желілерде тұрақты түрде ақпараттық материалдар жарияланды. Сонымен қатар ақпараттық тақталарда банерлер ілініп тұр. Интернет алаяқтық бойынша осы уақытқа дейін округ азаматтарынан құқық қорғау органдарына 3 арыз түсіп, 3-і де ашылды. Тұрақты түрде округ көлеміндегі елді мекендердің ауыл чаттарына интернет алаяқтық бойынша түсіндіру ақпарат тұрақты

ЖАҢАЛЫҚТАР

Алматы облысы туризмнің жаңа орталығына айналуға жақын

АСТАНА. KAZINFORM - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт вице-министрі Мирас Төлебаев Алматы облысына жұмыс сапарымен барып, өңірдегі негізгі туристік жобалардың жүзеге асырылу барысымен, туристік инфрақұрылымның дамуымен және жазғы туристік маусымның өтуімен танысты, деп хабарлайды министрліктің баспасөз қызметі.

Жұмыс сапары аясында Қонаев қаласындағы «Солтүстік жағалау» жағажайы, сондай-ақ №5, №6 және №7 қалалық жағажайлар араланды. Демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, құтқару қызметтерінің жұмысы, аумақтардың санитарлық жағдайы, абааттандыру деңгейі және туристерді қабылдауға арналған инфрақұрылым нысандарының дайындығына ерекше назар аударылды.

Сапар бағдарламасындағы маңызды нысандардың бірі Көшпенділер қалашығы болды. Мұнда туристер үшін қолайлы жағдай жасауға және көлік қатынасының қолжетімділігін арттыруға бағытталған инженерлік және жол инфрақұрылымын дамыту жобалары таныстырылды.

Сонымен қатар, вице-министр өңірдегі ең ірі заманауи орналастыру орындарының біріне айналатын Marriott қонақүйінің құрылысымен танысты. Сондай-ақ халықаралық деңгейдегі спорттық, мәдени және іскерлік іс-шараларды өткізуге арналған көпфункционалды ASP Arena кешенін аралады.

Туристік жобалардың іске асырылу барысы, туристік инфрақұрылымның дамуы және өңірдің туристік тартымдылығын арттыруға бағытталған алдағы жоспарлар туралы Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов пен Алматы облысы туризм басқармасының басшысы Қуанышбек Мирамбекұлы баяндады. Жұмыс сапарының қорытындысында Мирас Төлебаев туризмді тұрақты дамыту үшін инфрақұрылымды кешенді түрде жетілдіру мен туристерге көрсетілетін қызмет сапасын арттырудың маңызын атап өтті.

В Алматинской области завершают строительство дороги к озеру Каинды

Уже в августе этого года завершится реконструкция дороги, ведущей к одной из самых популярных достопримечательностей Алматинской области, передаёт Tengri Auto со ссылкой на акимат Алматинской области.

До недавнего времени дорога к озеру Каинды оставалась достаточно сложным туристическим маршрутом в Алматинской области. Она представляла собой грунтовую дорогу с глубокими промоинами, каменистыми участками и бродом через реку. После сильных дождей переправа нередко становилась непроезжей.

Сейчас, как сообщили в акимате, на сложном горном участке уже завершили основные работы по выравниванию дорожного полотна. Сейчас дорожники укладывают асфальтобетонное покрытие.

Кроме того, строители полностью смонтировали все 42 водопропускные трубы, предусмотренные проектом. На сегодняшний день асфальт уложен на участке протяженностью 2,5 километра. Общая стоимость проекта составляет 2,43 миллиарда тенге. В этом году на продолжение работ из местного бюджета направили еще 1,3749 миллиарда тенге.

Алматы облысында 260 келі балықты заңсыз аулаған браконьерлер сотталды

ҚОНАЕВ. KAZINFORM — Алматы облысы Балқаш аудандық соты браконьерлерге қатысты үкім шығарды. Алматы облысында 260 келі балықты заңсыз аулаған браконьерлер сотталды.

Аудандық сотта балық ресурстарын заңсыз алу (ҚР ҚК 335-бабы 3-бөлігі 4,5-тармақтары) фактісі бойынша қылмыстық іс қаралды. Сот мәліметінше, 2025 жылдың 30 қазанында «Браконьер» жедел-іздестіру іс-шарасы барысында Балқаш көлінде полиция және балық шаруашылығы инспекциясының қызметкерлері Т. және П. есімді азаматтарды ұстаған. Олар «Yamaha-40» моторы бар қайық пен ұзындығы 500 метрлік синтетикалық торды пайдаланып, 261 келі балықты заңсыз аулаған. Осылайша мемлекетке 1 277 506 теңге көлемінде айтарлықтай залал келтірілген.

— Сот үкімімен Т. кінәлі деп танылып, оған 3 жыл мерзімге балық аулау құқықын айыра отырып, 3 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалды. Оған пробациялық бақылау белгіленіп, жылына 100 сағат мәжбүрлі еңбекке тарту міндеттелді. Келтірілген залалдың қалған сомасы сотталушыдан толық өндірілді. Жаза тағайындау барысында сот Т.-ның өз кінәсін толық мойындап, шын жүректен өкінгенін, сондай-ақ мемлекетке келтірілген залалдың басым бөлігін (890 000 теңге) өз еркімен өтегенін қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар ретінде таныды, — делінген хабарламада.

Ал екінші азамат П. құқық бұзушылықты жасау кезінде психикалық жағдайына байланысты өз іс-әрекетіне есеп бере алмайтын күйде болғаны анықталып, ҚР Қылмыстық кодексінің 16 және 75-баптарына сәйкес қылмыстық жауаптылықтан босатылды. Сонымен қатар, ҚК-нің 93, 95-баптары негізінде сот оған тұрғылықты жері бойынша дәрігерлік бақылаудан өту (амбулаториялық емделу) шараларын белгіледі. Үкім заңды күшіне енді.

АРТЫНДА АЙТАРЛЫҚТАЙ ІЗІ ҚАЛДЫ

Сонау алпысыншы жылдарда аспантаулар аясындағы алақандай Нарынқол ауылында Темірбековтер әулетін білмейтін әрі қадірлемейтін адам баласы болмайтын. Осы сөзімізге көлденең тартар оның негізі де жоқ емес. Сол кезде ағайынды Құдайберген, Нұр, Болат Темірбековтердің отбасылары түтіндері түзу шыққан, өнегелері өріс алған отбасылардың бетке ұстар қаймақтарының қатарынан еді. Бәрі де атына заты сай болып, өсіп-өнгенін орынды мақтаныш етіп жүретін.

Осылардың ішінен бас көтерер ағалары болған Құдайбергеннің алар орны ерекше дараланып тұратын. Жаратылысынан жайдары қалпынан айнымайтын, сары алтындай сабырын сақтап жүретін, бойына біткен мінез-құлқы да бір көрген адамды бірден баурап алатын. Ол кісінің қандай жағдайда болсын, атша тулап ашуланғанын көрмеппіз. Бәрін де ақылға салып, байсалдылығымен пайымдап, байыппен шешіп отыратын. Алғашқы еңбек жолын ауылдық мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ұстаздықтан бастаған ол, кейіндеп өмірінің соңына дейін аудандық партия комитетінде нұсқаушы әрі аудандық радио редакциясының редакторы болып қызмет етті.

Осы орайда бастан өткерген мына бір жайды айта кеткен артық болмайды. Онда менің мектептің сегізінші сыныбын бітіріп, жазғы демалыста жол жөндеу мекемесінде қара жұмыс істеп жүрген кезім болатын. Осы жұмыста оқушыларға басшылық жасап жүрген Жанұзақ ағамыз бір күні: «Айналайын Қанат, сені аудандық партия комитетінен Құдайберген Темірбеков деген ағаң іздеп жатыр. Келіп, жолығып кетсін дейді. Қазір сол кісіге барып келе ғой, -деді». Бұл тосын хабарды естігеннен кейін менде ес қалмады. Анау-мынау емес, райкомның шақыруы түрлі ойларға жетеледі. Кеудемді сан-саққа тартатын күдіктің де жайлап алғанын жасыра алмаймын.

Құдайберген ағаны жақсы білемін. Әкемнің бажасы болып келеді. Бұған дейін райкомды көрген емеспін. Үшінші қабатта екен. Сұрастырып жүріп, Құдайберген аға отыратын кабинетті тауып алдым. Есігін ашқанымда, бір бөлмеде 5-6 адам отыр екен. «Келе ғой, келе ғой», деп бәрі жадырай қарсы алды. Құдайберген аға болса:

- Қанатжан, бозарып кетіпсің ғой. Түрінде қорқыныш бар сияқты. Абыр-жымағын, айналайын. Үш айлық демалысында жұмыс істеп жатқаның жақсы. Тапқан ақшаңа киім-кешегінді, оқу құралдарыңды өзің тауып аласың. Ата-анаңа салмақ салмайсың. Осы бағытыңнан қайтпағын. Саған айтар жақсы жаңалық бар. Ауданнан аудандық радио хабарларын тарату редакциясы ашылғалы жатыр. Соған лайықты адамдар дайындау үстіндеміз. Сені мектеп мұғалімдері жақсы оқытыңның, әдебиет пен көркемсөз оқудағы алғырлығыңды мақтап жатыр. Бізге сендей таудай талап иесі диктор-машинисткалық жұмысқа керек. Екі аптадан кейін сынақтан өтесің, - деп Құдайберген аға осы жұмыстың ережелері мен шарттарын маған бастан-ақ, тәптіштеп тұрып түсіндіріп берді.

Айналасындағы ағалар маған арқамнан қағып, сәттілік тілеп қалды.

Сөйтіп, осы сынақтан менің бағым жанып, оқып жүріп, осы жұмысты солдатқа кеткенше мінсіз атқардым. Сонда Құдайберген Темірбеков осы аудандық радио редакциясының бас редакторлық лауазымымен, қарауындағы қызметкерлерімен ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек етті. Осынау жауапты жұмыста жүрген кезімде менің анық аңғарғанымды айта кетейін. Құдайберген ағаның жұмыс барысындағы жоғары сауаттылығы, саясат пен әдебиетті ғана емес, баспасөз бен телерадио жағын шемішкедей шағатын білгірлігі таңдайымды қақтырып, таңқалдыратын. Адам баласына да жанашырлығымен жасаған жақсылығын да көп көрдім. Маған көрсеткен көмегі де ұшан-теңіз болды. Онысын қалай ұмыттайын.

Ол кісінің өмірлік қосағы Бағай Өміртайқызының аналық қасиеті мен мейірімі айырықша еді. Алақанының ашықтығы мен жанының жомарттығы халықтың аузында жүретін. Бағай әкпеміз Құдайберген аға екеуі 10 бала тәрбиелеп, өсірді. Балаларының бәрін білім нәріне сусындатып, еңбекпен де шымырдай етіп шыңдап шығарды. Бір ғана мысал. Құдыкеннің үлкен қызы Сұлуканы мектепті қызыл аттестатпен бітіріп, құрбыларының арасынан суырылып алға шықты. Қаршадайынан қабілетті қарымымен көзге түскен ол өз кеудесін өзі сүйреп, Мәскеудегі И.В.Тимирязев атындағы университеттің агрономия факультетіне өз күшімен оқуға түсіп кетті. Бұдан кейін биология ғылымының аспирантурасы мен академиясын да үздік бітіріп шығады.

Таза білім мен ғылымның жолына түскен Сұлукан Құдайбергенқызы біраз жыл Мәскеудегі ғылым академиясында белді қызметтің ортасында жүреді. Көп уақыт өтпей, әлемге әйгілі М.С.Вавилов атындағы биологиялық ғылыми-зерттеу университетінің директоры болып жемісті еңбегімен танылады. Оның ғылым саласындағы ең бір атап айтар үлкен жетістігі – егін шаруашылығына қажетті дәнді дақылдардың оншақты сортын ойлап шығарғандығы. Сол сорттарын бүгінгі әлем елдері мен Қазақстан да кеңінен тәжірибеге енгізіп, кеңінен пайдаланып жатыр. Осынау ерен еңбегінің арқасында ол биология ғылымдарының докторы, профессоры, академигі, Мәскеу ғылым академиясының корреспондент мүшесі атанды. Сондай-ақ, Мәскеу облысының Құрметті азаматы, Ресейдің мемлекеттің думасының депутаты атанғанының өзі-ол үшін үлкен абырой. Сұлуканың адал



еңбегі алға жетелеп, Ресей Президенттері И.В.Ельцинның, В.Путиннің қолынан жоғары марапаттарды алуының өзі қазақ қызы үшін зор мәртебе екені анық. Райымбек ауданының Құрметті азаматы. Қазақстан ғалымдары соны мақтаныш етеді. Құдайберген Темірбековтің Сұлуканнан кейінгі балалары Жұмабек, Бақберген, Қаныш, Сәбит, Бейбітгүл, Айгүл, Мұхтар, Ғабиттері де-өмірден өз орындарын тауып, арманына жеткен азаматтар. Осылардың ішінен Бақберген мен Сәбит Сұлукан әкпелері сияқты Мәскеуде жоғары оқу орнын бітіріп, биікке құлаш сермеді. Осындайда орны толмас өкініштер ойға орала береді. Ол тағдырдың жазуы шығар. Атпал азамат атанған Жұмабек, Бақберген, Қаныштар мезгілінен бұрын ажал қармағына ілініп, ата-анасының артынан о дүниеге кетті. Бұл қайғы қасіреті Темірбековтер әулетіне онай тимегенін қалып бұқара қауым жақсы сезіне біледі.

Енді тақырыбымыздың басты кейіпкері болып отырған осы әулеттің бел баласы, 58 жасында арманда кеткен асыл азамат Ғабит жайлы болмақ. Ол да басқа бауырлары сияқты өмірден өз жолын адаспай таңдаған алғырлығымен ерте бастан ел аузына ілінді. Шынашактай ғана баланың мектеп бітіргеннен кейінгі арманы асқақтықтың асқарынан көрінді. Тындырымдылығы мен тиянақтылығы оны көптен бері көксегеніне қол жеткізді. Нарынқол орта мектебін үздік бітіргеннен кейін 1985 жылы бірден С.Асфендияров атындағы медицина университетінің педиатрия факультетіне оқуға түседі.

Ол кездегі әскери заңның қаталдығына ешкім де қарсы шыға алмайтын. Әсіресе, жоғары оқу орындарының студенттері. Ғабиттікі де солай болды. Оны бірінші курсты аяқтағаннан кейін армияға алып кетеді. Баруға мәжбүр болады. Жауынгерлік міндетін де жаман өткізбейді. Байкал әскери округінде қатардағы жауынгерден, взвод командирлігіне дейін көтеріледі. Мұның өзі оның жасқа тән самғадайлығы мен әскери тәртіпке деген көнбістігінен болса керек. Сонымен бірге оның қарғадай бала кезінен қалыптасқан намысқойлығы мен төзімділігі көп ықпалын тигізгені анық. Соның нәтижесінде

ол азаматтық борышын адалдықпен атқарады. Туған ауылына әскери старшина шені лауазымымен оралады.

Оқуын одан әрі жалғастырады. Оның өзі сүйген кәсіпке деген ынтызарлығы мен сүйіспеншілігінің басымдығы соншалық, сол кездің өзінде-ақ, Алматы қаласындағы №1 клиникалық балалар ауруханасында оқуымен қатарлас жұмыс істеп, толымды тәжірибе жинақтайды. Мұндағы бесаспап болып кеткен дәрігерлер Ғабиттың іскерлігі мен білгірлігіне қызғаға қарап, оның болашағынан үлкен үміт күтіп, шеттерінен сәттілік тілейді. Теориялық және практикалық жағынан сақадай-сай дайын болып шыққан ол оқудан да, жұмыстан да жұғымды кадр екендігімен дәлелдейді.

Содан алғашқы еңбек жолын Талғар ауданына қарасты Панфилов ауылындағы ауруханадан бас дәрігер болып бастайды. Бастапқыда қарапайым дәрігерлігімен халықтың көңілін баурап алған Ғабит бара-бара балалар емханасының бас дәрігері қызметіне жоғарылайды. «Өзі жақсы адамға бір кісілік орын бар» деген қағидалы қанатты сөз тегін айтылмаса керек. Көп уақыт өтпей халықтың құрметіне бөленіп үлгерген оны осы өңірдегі «Қызыл Ту» ауылындағы амбулаторияның бас дәрігері етіп тағайындайды. Артылған сенімді ақтау оның басты парызы болып табылады.

Бұл амбулаториядан бұрыннан жан-жақты хабары бар ол бірден халыққа ұйытқы болып, осы жерден жаңа емхана салуға жұмылдырады. Оның ұтқырлығы мен ұйымдастырушылық қабілетінің қарымдылығын билік басындағылар да қуана құптап, бұл игі бастаманы іс жүзіне асырып береді. Халықтың да, Ғабиттың да осылайша көптен күткен арманы жүзеге асады. Іс осымен ғана бітпейді. Ол жаңа емхананы қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету жағына да көп күш жұмсайды. Сөйтіп, жаңаша жұмыс істеуге даңғыл жол ашады. Осы емханада 20 жыл бойы табан аудармай, барын салып жұмыс істеген оның табандылығын, жасаған жақсылығын осы ауылдың тұрғындары әлі күнге дейін ауыздарынан тастамай айтып келеді.

Бұдан соң Ғабит осы ауылмен шектесіп жатқан «Жаналық» ауылындағы амбулаторияның бас дәрігерлік қызметін жүргізеді. Оған бекер сенім артылмаған екен. Мұны терең түсіне білген ол осындағы орын алып отырған олқылықтарды бірден ретке келтіріп, дұрыс жолға қойып, халықтың ыстық ықыласына бөленеді. Жанына сауға іздеген ауру-сырқаулардан ештеңесін аямайды. Егер амбулаторияда мүмкіндік болмай жатса, қатты науқастарға өз тарапынан қаражат шығарып, қаладағы ауруханаларға қаратқан. Көп көмегін көрсеткен. Мұндай жағдайларды ауылдағы басынан кешкен көп адамдардың аузынан талай естідік те. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын!» деген осы шығар.

-Ғабиттың әсіресе, қарт адамдарға

деген ілтипаты мен ізеті ерекше еді. Ол олардың денсаулығын жіті бақылап, қажет болып жатқан жағдайда аудандық немесе облыстық ауруханаларға орналастыруға көмектесетін. Мен де-осы бас дәрігердің мейірім шуағын көрген жандардың бірімін. Аяқасты инсульт алған кезімде Ғабит Құдайбергенұлы жедел шешім қабылдап, мені аудандық ауруханаға жеткізіп, ем алып, сауығып кеттім. Тіпті тегін дәрі-дәрмек алуыма да жағдай жасап берді. Оның тек маған ғана емес, мен сияқты жүздеген, мыңдаған қарттар мен балаларға жасаған жақсылығын ешқашан да ұмыта алмаймыз. Оның мезгілсіз өмірден өтіп кетуі де біз үшін үлкен өкініш, - дейді өз әңгімесінде Талғар ауданының Құрметті азаматы, Қайнар ауылдық округі ақсақалдар кеңесінің төрағасы Тұрсынғали Саудабаев.

40 жылдан астам өмірін халықтың денсаулығы үшін арнаған Ғабит Темірбеков үстіндегі ақ халатын қалай кірлетпей ұстаса, азаматтық арын да солай таза ұстады деп ауыз толтырып айта аламыз. Ол көзінің тірісінде қу жаны қуырдақ болып жүріп, халықтың камын ойлады. Дәрігерлік қабылдаған антына сай адалдықпен қызмет көрсетудің үлгісімен жұмыс істеді. Ақ ниетімен арқапал жүргені адам баласының шексіз алғысы болды. Мұны оның қызметтес болған әріптестері ағынан жарыла айтып жүр. Олардың шын жүректерінен шыққан сол лебіздері мен жанашырлықтары тегін емес. «Жақсының аты өлмейді» деген ақиқаттың негізі осында жатса керек.

Ғабит Темірбековтің табан ет, маңдай тері зая кеткен жоқ. Кезінде лайықты бағасын алып отырды деп айтуға болады. Оның адал еңбегінің арқасында алған «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау Министрлігінің «Бейбітшілік әлемі» төсбелгілерімен және де мерекелік медальдармен марапатталуы-соның айқын көрінісі. Сондай-ақ, тиісті орындардан алған Алғыс хаттары мен мақтау қағаздары бір папкіге татырлық. Осының өзі-ақ, оның артына айтарлықтай із қалдырғанын айғақтайды. Өттең, шығар биіктер әлі алда еді. Тағдырдың жазуына не дерсіз...

Міне, халықтың жүрегінен берік орын алған Ғабиттай алтын азаматтың өмірден өткеніне де жыл толып отыр. Артында аяулы жары Эльмира мен алтын асықтай балалары Алыпарсылан мен қызы Інкәр қалды. Ұлы әке жолын қуып, Алматы қалалық жедел жәрдем бөлімінде қызмет істесе, қызы логистикалық компанияның менеджері қызметінде. Қазір «Жаналық» ауылдық округіне қарасты ауылдар Ғабит Темірбековтің атына осы ауылдан көше алып беру қамының қарбаласында. «Көп тілеуі - көл» деген емес пе?! Халықтың бұл қолдауы мен тілеуі орындалатынына сенім зор. Өйткені ол-қандай құрмет көрсетілсе де лайықты азамат. Оның жақсылығын халық қашан да ұмытпайды.

Қанат ТӘКЕБАЕВ,
Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақ Журналистикасының қайраткері,
Талғар ауданы, Панфилов ауылы.

АУЫЛДЫҢ АҚЫЛМАН АҚСАКАЛЫ

45 жыл көлік жүргізішісі болып еңбек еткен Сайдұлла Амутов қарияны Ұйғыр ауданы Ақтам ауылы жұртының еңбектеген баласынан еңкейген қартына дейін жақсы таниды десем, артық айтқандық емес. Қария биыл 90 жастың төріне шыққалы отыр.

Жақында Ақтам ауылдық округі жанындағы бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Бекет аға Әжібаевпен бірге Сайдұлла ағаның үйіне арнайы барып, әңгімелескен едік. Ақтам ауылында дүниеге келген Сайдұлла 6-7 жасқа толғанда әкесі елмен бірге соғысқа аттанады. Сол қан майданда опат болады. Еліне қайта оралмайды. Сол кезде осы мақаланың авторы менің әкем Әділбек Көжекбаев соғыс ардагері, жетім қалған баланың басынан сипап, өз балаларынан кем көрмей ер жеткізеді. Жаралы болып оралса да әкем Сайдұлланы тәрбиелеп, мал шаруашылығына баулиды. Анасы сауыншы болып еңбек етеді. Соғыстан кейінгі қиыншылықтарды жұртпен бірге көріп, баласын ел қатарына қосады. Сайдұлла аға жастайынан ұйғыр тілінен



бөлек қазақ тілін де жақсы меңгеріп алған. 1955 - 1958 жылдары әскер қатарына шақырылып, Ресей жерінде әскери міндетін абыроймен атқарып, елге оралады. 1959 жылы Түргендегі механизатор даярлайтын курсты тамамдап, жүргізуші куәлігін алады. Жүргізуші тапшы кезде «Тельман» атындағы колхозда алғаш рет «Зис 150», «Полуторка», «Газик» машиналарын жүргізіп, колхоздың ауылшаруашылығы жұмысына белсене атсалысады. Кейінгі жылдары «Зил», «Газ - 53» және колхозға жаңа келген автобусты жүргізіп, жемісті еңбек етті. 15 жылдай колхоздың сиыр фермасында сауылған сүтті аудан орталығына жеткізіп отырды. 1980 жылдары колхоздағы №1 егіс бригадасын басқарды. Еткен еңбегінің жемісін де көрді. Көптеген марапаттарға ие болды. Тыл ардагерінің, Ұлы Жеңістің мерейтойлық медальда-

рымен марапатталған жан. Аудандағы үздік жүргізуші деген атағы да бар. Кеңес Одағы кезінде аталып өтетін мерекелерде ортаға шығып, өзінің қатарластарымен күресетін де өнері де болған. Ауылымыздың қадірлі, сыйлы ақсақалы Амутов Сайдұлла аға Анархан апа екеуі-6 бала өсіріп, жеткізген бақытты шаңырақ иелері. Өкініштісі-Анархан апамыздың өмірден өтіп кеткендігі. Құдай қосқан қосағының жоқтығын білдірмей, балалары әкелерін алақандарына салып, әлпештеп, күтімін жасап отыр. Шүкір, жарты ғасырға жуық еткен адал еңбегінің жемісін көрген саликалы қария. Немере қолынан дәм татып, шөбере қызығын көрген қарияның жүріп өткен жолы-бізге өнеге. Токсанға келген шағында ауылдағы шаралардан қалмай, ақ батасын беріп, төрімізде отырғанының өзі-бір ғанибет.Ол-біздің ауылдың ақылман ақсақалы. Тыл ардагері, соғыс ардагерінің ұлы Сайдұлла ақсақалға тағы да ұзақ ғұмыр тілейміз. Ауылымыздың берекесі де, мерекесі де-осындай өнегелі қарттар.

Әбіш КӨЖЕКБАЕВ.
Ақтам ауылы.
Ұйғыр ауданы.

● ЖАТ АҒЫМ-ҚОҒАМҒА ҚАУІП

Қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық болмысы мен рухани құндылықтарының негізінде дәстүрлі дін мен салт-дәстүр сабақтастығы жатыр. Дін – адамның рухани тәрбиесінің өзегі болса, ұлттық құндылықтар – халықтың тарихи жады мен мәдениетінің айнасы. Осы екі ұғым бір-бірімен біте қайнасып, елдің тұтастығы мен бірлігін нығайтып келеді.

ДӘСТҮРЛІ ДІН – ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ ТІРЕГІ

Қазақстан – зайырлы мемлекет. Бұл – мемлекет ешбір дінді ресми түрде қолдамайды дегенді білдіргенімен, азаматтардың ар-ождан бостандығы мен діни сеніміне құрметпен қарайды. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөздерінде дәстүрлі рухани құндылықтарды сақтау, қоғамның діни сауаттылығын арттыру және жастарды жат діни идеологиялардың ықпалынан қорғау мәселесіне ерекше назар аударып келеді. Себебі ұлттық қауіпсіздік тек экономикалық немесе әскери күшпен ғана емес, рухани беріктікпен де өлшенеді.

Қазақ халқының дәстүрлі ұстанымы – исламның ханафи мазһабы мен имам Матуриди сенім мектебі. Бұл бағыт ғасырлар бойы халқымыздың салт-дәстүрімен үйлесіп, ұлттың мәдениеті мен дүниетанымын қалыптастырды. Ата-бабаларымыз үлкенді сыйлау, кішіге қамқор болу, ата-ананы құрметтеу, туған жерді қастерлеу сияқты ізгі қасиеттерді діни тәрбиемен ұштастырды.



Өкінішке қарай, соңғы жылдары қоғамда дәстүрлі емес діни ағымдардың ықпалы байқалады. Олар сырт көзге дінді насихаттап жүргендей көрінгенімен, шын мәнінде жастардың санасын өзгертіп, ұлттық құндылықтарды жоққа шығаруға тырысады. Кейбір жат ағым өкілдері қазақтың салт-дәстүрін «дінге қайшы» деп бағалап, Наурыз мерекесін, беташарды, ата-баба рухына құрмет көрсетуді теріске шығарады. Мұндай көзқарас халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан мәдени мұрасын әлсіретіп, қоғамда алауыздық туғызуы мүмкін.

Жат ағымдардың ең қауіпті тұсы – адамдарды отбасы мен қоғамнан оқшаулауға ұмтылуы. Мұндай идеологияға ерген жастар кейде ата-анасымен, туған-туы-

сымен қарым-қатынасын үзеді, өзге пікірді қабылдамайтын күйге түседі. Бұл тек бір отбасының ғана емес, тұтас қоғамның мәселесіне айналады.

Сондықтан жастардың діни сауатын арттыру – бүгінгі күннің маңызды міндеті. Дінді интернеттен немесе күмәнді адамдардан емес, ресми діни мекемелер мен білікті мамандардан үйрену қажет. Мектеп пен отбасы, мешіт пен қоғам бірлесе жұмыс істегенде ғана жастарды теріс идеологиялардың ықпалынан қорғай аламыз.

Ұлттық бірегейлік – тіл, дәстүр, тарих, мәдениет және рухани құндылықтардың жиынтығы. Егер осы құндылықтар әлсіресе, ұлттың тұтастығына қауіп төнеді. Сондықтан дәстүрлі дінді құрметтеу – тек діни мәселе емес, елдің болашағына жауапкершілікпен қарау деген сөз.

Бүгінгі таңда Қазақстанда конфессияаралық келісім мен қоғамдық тұрақтылық – ең үлкен жетістіктердің бірі. Осы құндылықтарды сақтау әр азаматтың парызы.

Әсіресе ардагерлер, зиялы қауым, ұстаздар мен ата-аналар жастарға дұрыс бағыт-бағдар беріп, ұлттық тәрбиені күшейтуге атсалысуы тиіс.

Қорыта айтқанда, дәстүрлі дін – халқымыздың рухани тұғыры, ал ұлттық бірегейлік – тәуелсіздігіміздің берік негізі. Жат ағымдардың жетегінде кетпеу үшін әр азамат діни сауатты болып, ата-баба жолын, ұлттық салт-дәстүрді қадірлеуі қажет. Сонда ғана еліміздің бірлігі нығайып, тәуелсіз Қазақстанның болашағы баянды болмақ. Ұлттық құндылық пен дәстүрлі дінді қатар ұлықтау – ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз.

СИҚЫМБЕКТІҢ
Алтынбайы.

● СОЛ БІР КҮНДЕР

Көртоғайдағы алапат сел есімнен кемпейгі

Биыл Шарын өңірінде болған алапат сел апатына 60 жыл толып отыр. Төмендегі мақалада 1966 жылғы табиғат апатының ел жадында қалған ауыр зардаптары, адам тағдырындағы өшпес іздері және сол қасіретті күнді көзбен көрген куәгерлердің жанкешті естеліктері жазыла бермек. Тосын мінез танытқан табиғаттың қас-қағым сәттері әлі күнге дейін ел есінде сол қалпында сақталып келеді.



Жеті иірімді суы бар әйгілі, мыңжылдық жұмбағын ішіне жинаған Алатаудан бастау алып, Іле өзеніне құяр жолда Жалаңаш үстіртін кесіп, Шалқөде жайлауы, Кеген, Қарқара суына қосылатын Шарын өзенінің бойындағы қайғылы 1966 жылғы алапат тасқын оқиғасын көзбен көріп, бастан кешкен жанның бірі менің әкем Сиязбай және оның отбасы еді. Әкем: «Шарын өзені көзге баяу аққанымен астының ағысы қатты, байқандар, суға үскендер», -деп үнемі ескертіп отырушы еді. Өзенінің бойында орналасқан Көртоғай атты шағын ауылда 7-8 үй болатын.

Ауылдың бір жағы Шарын шатқалының басы, екінші жағы таудың етегінде үлкен сайдың ішінде орналасқан жалғыз жол Алматыдан Кегенге, Нарынқолға баратын күре жол болғандықтан, өзен үстінде кішкене ғана аласа көпір және дүкен болатын. Жоғарғы жағында шағын тоғайда әр түрлі ағаш өсетін. Тоғайдың төменгі жағында орналасқан 4 бөлмелі үйдің екі бөлмелі дүкенінде әкем сауда жасаса, артқы екі бөлмесінде әкем Талша, әкем Сиязбай, анам Айымхан, үлкен әпкем Онаш-бәріміз бірге тұратынбыз. Ол кезде мен жетіде, інім Ермұрат үште, сіңлім Мария бір жаста еді. Екінші әпкем Ораш Жылысай ауылында тұратын әкемнің әпкесі Ұлжұлар апамның қолында болатын. Ал, кіші інім кейін Ұзынбұлақта дүниеге келген.

Алматы - Нарынқол бағытына баратын жалғыз жол болғандықтан әрі-бері өтетін жолаушылар біздің тұрақты «Үшелье Көртоғай остановка «Сиязбай» деп өздері ат қойып, айдар тағып алған. Үйдің жанында жуан ағаш жапырағын кеңге жайып, саясында әкем дастарханын жайып, өткен-кеткен жолаушылармен әңгімелесіп маз-мейрам болып отыратын.

Жазда жаңбыр жауғанда кішілеу сел жүретін. Ауыл адамдары абыр-сабырға түсіп, «Сел келе жатыр, қашындар» дейтұғын. Оған етімсіз үйреніп алғандықтан, бір-

бірімізді түгендеп бала-шаға, үлкен-кішіміз жапа тармағай тауды бетке алатынбыз. Тосыннан келген сел ауылдың ортасымен өткенде, аман қалғанымызға «шүкір» деп қайта үйреншікті өмір ары қарай жалғасын табатын.

Кейде ауылдағы бала-шағаны, әйелдерді жинап «бүгін тауды бұзамыз, тас тиеді» деп бір күнге ауылдан алыс алып кететін. Оған да үйренгеніміз соншалықты «отыр машинаға» десе отырамыз, «қаш» десе қашамыз. Біраз уақыттан кейін қайтадан үйімізге оралатынбыз. Сондай ыңғайсыз жағдай туындағанда әкем «өлсем, өз үйімде өлемін» деп отырған орнынан тапжыла қоймайтын. 1966 жыл маусым айы қарғыс атқан күн болды. Ауыл аяқ астынан әбігерге түсті де қалды. Көрші үйдегі жас жігіт: «Бүгін сел болады. Қашындар, мен түс көрдім, ақсақалды ата кірді», -деп айқай салып шағын ауылды басына көтерді. Естіген жұрттың дегбірі қашып, тыныш жатқан ауылдың қарадай мазасы кетті.

Сол күні күн шайдай ашық еді. Кенеттен аспанға бұлт үйірлі. Әкем дүкенді Медеуов Кеңес ағаға өткізіп, Ұзынбұлаққа көшеміз деп жатқанбыз. «Сел келе жатыр» деген айғай-шу басталды. Әпкем бізді жетектеп тауға қарай жүгірді. Әкем отырған орнынан қозғала қоймады. Әкем дүкенді жауып, енді шығам дегенде биіктігі 9 метр сел төбемізден басып қалды. Көртоғайдың іші күніреніп кетті. Бұл-біздің өлкеде бұрын-соңды болмаған алапат оқиға еді. Маған өзеннің суы қанға боялғандай көрінді. Таудың басы жылаған балалар мен бір-бірін іздеген адамдар сендей соғылысты. Оңаш тәтем сіңлімді көтеріп, мен інімді жетектеп қашып келе жатқанбыз. Сол кезде мен түлкінің ініне түсіп кеттім. Бір келіншек үстіндегі халатын дереу шешіп, мені әрең дегенде жоғары алып шықты. Оңаш тәтем сіңлімді бір тастың қасына жатқыза салып, маған жүгірді. Лезде таудың жартысына дейін шүпілдеп су келді. Осы оқиға көзді

ашып-жұмғанша жаңбыр жауған 15 минуттың ішінде орын алды.

Әкем әкемді іздеп әрең дегенде үйге кіргенде, әкем жас балаша жиналған жүктің үстінде отырыпты. Үйдің іші суға толған. Әкем терезеге барып, әйнекті сындырып, темір торды бұзуға ұмтылғанымен оған шамасы жетпепті. Су денгейі азайып 1,5-2 метр шамасында болғанда ғана сыртқа шығуға мүмкіндік алған. Әкем судан өткенде әкеме «өрге жүр» деп, ағаштардан ұстап, алға жүргенімен сумен аққан үлкен қойтастардан ілгері жылжу қиынға соғыпты.

Жотаның басындағы адамдардың назары су ортасында қалған әкем мен әкем жакқа ауыпты. Су азая түскенде ер азаматтар төменге түсіп, әкеме қарай бір-бірінің белінен ұстап, қарама-қарсы жүреді. Жетуге аз жер қалғанда арқасына әкемді көтерген әкем ұстаған терек тамырымен қопарылып, оларды су алды-арттарына қаратпай ағызға жөнеледі. Әкем су бетіне үшінші рет малтығып шыққанда, көмекке келген жігіттер әкемді әзер дегенде ұстап үлгереді. Әкем: «сен аман бол, балам!» - деп, айғайлаған күйі ағып кете барыпты.

Бала болсам да, сол күн есімде ұмытылмастай сақталып қалды. Өзен бойын жағалап «апалаған» әкемізге қосылып, бәріміз де көз жасымызға ерік бердік. Есімізді жинадық па, жоқ па дегенде Ұзынбұлақтан көмек жетіп, бізді машинаға тиеп, жақын ауылға алып кетті. Кейін естідік Алматыдан және Кегеннен шыққан 3 автобус, Көртоғайға түскен машиналар адамдарымен бәрі суға кетіпті. Қашып үлгереміз деп, теректің басына шыққан кісілер, құм мен лайға көміліп қалған адамдарды болжап білу мүмкін болмапты. Елге айқайлап хабар берген жігіттің апасы, көрші үйдегі аяғы ауыр келінімен суға ағып кете барды. Ауыл орны әп-сәтте тып-типыл болып, қорқыншыты қой тастар мен лайға батқан мал-жандар қалды.

Ұзынбұлақтағы Омарбек ағамның үйінде ес жинағандай болдық. Арада қанша күн өткені есімде жоқ. Анам төсі ісінгенде барып: «Менің емізетін балам бар ма еді?» деп сұраған көрінеді. Сонда ғана бір жастағы сіңлімнің жоқ екені белгілі болады. Мені түлкінің інінен шығып, қан-қан болып жылап жатқанымда, Онаш әпкем Марияны бір тастың қасына отырғызып маған көмекке жүгірген. Сіңлім сол жерде қалып кете барған. Оны сол маңда жұмыс істеп жүрген жігіттері тауып алып, Кегенге жіберген. Ешкім бала іздемеген соң, аудандағы қызметкерлер қамқорлықтарына алған жерінде үйге хабар жетеді. Сөйтіп, жоғалып табылған сіңлім аман-есен ортамызға қосылған еді.

Біраз күн өткенде әкемнің сүйегі табылды. Шарын өзенінің Ілеге құятын бір кішірек көпірдің астынан бір кісінің аты үркіп, көпірден өтпей қойыпты. «Бұған не көрінді?» деп атынан түскенде, басында бір қап ұн, аяқ жағында ешкі, әкемнің жатқанын көреді. Әкемді шашының ұшы кішкене ақ жіппен тігілгенінен таныпты. Сол кісі

● СЕЛЬСКИЕ ИСТОРИИ

ЕЕ ВЫБОР — ПЕДАГОГИКА

Исаева Токжан Садуовна родилась в многодетной семье, где отец был учителем казахского языка и литературы. Помимо казахского и русского языков, он в совершенстве владел арабским языком и письменностью.

Домашняя атмосфера, большая личная библиотека, разговоры родителей о педагогике – всё это, волей-неволей, предопределило её профессиональный выбор. Токжан поступила в Казахский государственный женский педагогический институт (в 2008 году вуз получил статус университета).

Вкратце об отце. Как рассказывает сама Токжан Садуовна, её отец был представителем первой плеяды казахской послевоенной интеллигенции. Ему посчастливилось слушать лекции самого Мухтара Ауэзова - корифея казахской литературы и выдающегося учёного.

Предыстория этого тоже весьма интересна. Будучи подростком, в 1944 году Садуакас написал заявление в военкомат с просьбой отправить его на фронт. Однако ему

предоставили бронь, так как в селе Жана Арна не хватало учителей. Несмотря на то что у него было лишь среднее образование, его направили работать в школу.

Жил он на квартире у семьи Шортанбаевых совершенно бесплатно. Помня это добро, после окончания института он специально приехал навестить своих благодетелей и подарил бабушке Шортанбаевой отрез дорогой ткани на платье и красивый платок.

После окончания педагогического института в 1951 году по государственному направлению Садуакас вёл педагогическую деятельность в школах Жамбылской и Алматинской областей, работал директором школы. В 1967 году он вернулся в родное село Али.

Спустя много лет судьба словно

повторила его путь. В ту же школу в селе Жана Арна, которая тогда была неполной трёхлетней школой, пришла работать его дочь Токжан. В 1980 году она была назначена заведующей школой-садом.

В 2012 году многолетняя история начальной школы подошла к

новому этапу. По многочисленным просьбам жителей, при поддержке сельского акимата и Токжан Садуовны было принято решение расширить учебное заведение. Население росло, детей становилось больше, повышались требования к качеству образования. В селе началось строительство долгожданной современной средней школы № 35. Сегодня здесь обучаются уже около 250 учащихся.



Поскольку я сама преподавала в этой школе, знаю всё это не понаслышке.

Школа считалась одной из лучших в нашем районе. Здесь регулярно проводились семинары для студентов - будущих педагогов, открытые уроки для малокомплектных классов, проходил обмен опытом между коллегами из других школ. Под руководством директора Исаевой Т. С. работал сильный педагогический коллектив.

В 2018 году Токжан Садуовна вышла на заслуженный отдых. Дети получили высшее образование и создали свои семьи. Сегодня она посвящает себя внукам и любимым цветам. К слову, розы, высаженные ею во дворе школы, до сих пор радуют жителей.

Каждый год - 1 сентября и 25 мая - на торжественных линейках родители учеников не забывают благодарить Токжан Садуовну за её многолетний труд, преданность профессии и любовь к детям.

Галина ИГИБАЕВА,
жительница микрорайона
Жана Арна города Алатау.

ҚҰРЫЛТАЙ

Қуаттаймыз, қолдаймыз!

Бүгінгі жастар – Қазақстанның ертеңі, елдің дамуын жалғастыратын негізгі күш. Сондықтан біз қоғамдық-саяси өмірге белсенді араласып, мемлекетімізде жүзеге асырылып жатқан маңызды бастамаларға өз көзқарасымызды білдіруіміз қажет. Құрылтай сайлауы – сондай маңызды науқандардың бірі.

Құрылтайдың басты мақсаты – қоғамдағы түрлі пікірлерді біріктіріп, ел дамуына бағытталған нақты ұсыныстар әзірлеу. Сондықтан оның құрамында жастардың мәселесін түсінетін, жаңа идеяларды қолдайтын, халықпен ашық жұмыс істейтін азаматтардың болуы өте маңызды.

Мен жастарды белсенділік танытып, ел жағдырына бейжай қарамауға шақырамын. Са-

налы таңдау жасау, заң талаптарын құрметтеу және қоғам өміріне араласу – әрбір азаматтың парызы. Бірлігі бекем, ынтымағы жарасқан ел ғана тұрақты дамуға қол жеткізеді. Сондықтан Құрылтай сайлауының маңызын түсініп, оған жауапкершілікпен қарау – бәріміздің ортақ міндетіміз.

Ринат ҚҰРМАН.
Кеген ауданы.



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Биологиялық белсенді заттар туралы не білеміз?

Биологиялық белсенді заттар (ББЗ) – адам ағзасының қалыпты қызметін қолдауға арналған дәрумендер, минералдар, өсімдік сығындылары және басқа да табиғи компоненттерден тұратын өнімдер. Олар дәрілік зат болып саналмайды және ауруды емдеуге арналмаған.

ББЗ ағзадағы кейбір қоректік заттардың тапшылығын толықтыруға көмектескенімен, оларды дәрігердің кеңесінсіз және мөлшерден тыс қолдану денсаулыққа зиян келтіруі мүмкін. Әсіресе жүкті әйелдер, балалар және созылмалы аурулары бар адамдар мұндай өнімдерді сақтықпен пайдалануы қажет.

Биологиялық белсенді заттарды сатып аларда өнімнің мемлекеттік тіркеуден өткеніне, жарамдылық мерзіміне және өндірушісі туралы ақпаратқа назар аударған жөн. Денсаулықты сақтаудың ең тиімді жолы – дұрыс тамақтану, белсенді өмір салтын ұстану және дәрігердің кеңесіне жүгіну.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алу

Жіті ішек инфекциялары – бактериялар, вирустар және паразиттер қоздыратын жұқпалы аурулар тобы. Олар көбінесе ластанған су мен тағамды тұтыну, жеке бас гигиенасын сақтамау салдарынан пайда болады. Әсіресе жаз айларында аурудың таралу қаупі артады.

Аурудың негізгі белгілері – іштің ауыруы, жиі іш өту, құсу, дене қызуының көтерілуі, әлсіздік және ағзаның сусыздануы. Мұндай белгілер байқалған жағдайда өз бетінше ем қабылдамай, дереу дәрігерге қаралу қажет.

Жіті ішек инфекцияларының алдын алудың басты жолы – санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтау. Ол үшін қолды сабынмен жиі жуу, тек қайнатылған немесе қауіпсіз ауыз суын пайдалану, жеміс-жидек пен көкөністі мұқият жуу, тағамды толық пісіріп дайындау және оны дұрыс сақтау қажет. Сондай-ақ мерзімі өткен және көшеде сатылатын сапасы күмәнді тағамдарды тұтынудан бас тартқан жөн.

Денсаулық – баға жетпес байлық. Қарапайым сақтық шараларын сақтау арқылы жіті ішек инфекцияларының алдын алып, өз денсаулығыңыз бен жақындарыңыздың саулығын қорғай аласыз.

Органикалық өнім дегеніміз не?

Органикалық өнім – химиялық тыңайтқыштарды, синтетикалық пестицидтерді, өсу стимуляторларын және генетикалық түрлендірілген организмдерді (ГМО) пайдаланбай өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік өнімдері.

Органикалық өнімдерді өндіру кезінде табиғи ресурстарды сақтау, қоршаған ортаны қорғау және топырақ құнарлылығын арттыру қағидаттары сақталады. Мал шаруашылығында жануарларды күтіп-бағудың табиғи әдістері қолданылады, ал өсімдік шаруашылығында биологиялық қорғау тәсілдеріне басымдық беріледі.

Органикалық өнімдердің негізгі артықшылықтары:

- қоршаған ортаға зияны аз;
 - химиялық заттардың қалдықтары төмен деңгейде болады;
 - табиғи өндіру әдістерімен алынады;
 - экологиялық таза өнім ретінде бағаланады.
- Тұтынушылар органикалық өнімді сатып алу кезінде өнімнің органикалық талаптарға сәйкестігін растайтын арнайы таңбалар мен сертификаттарға назар аударғаны жөн.
- Органикалық өнімдерді тұтыну дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруға және қоршаған ортаны қорғауға үлес қосады.

Н. МЕДЕТОВ,
«Қонаев қаласының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау
басқармасының бастығы

СОЛ БІР КҮНДЕР

Көртоғайдағы алапат сел есімнен кемпейгі

(Жалғасы. Басы 3-бетте)

Міне, мен көрген қайғылы аласапыран су тасқынына да арада 60 жыл өтті. Кейін осы қайғылы оқиғаны бастан кешіп, аман қалған Сиязбай Төкенов әкемді «анасын үйге қамап кеткен» деп айтқан жала сөздерін естіп, қатты қамығып, налып әрі намыстанған едік. Қазір әкем де, шешем де, әпкелерім де, тіпті сол кездегі көзкөргендер де арамызда жоқ. Бәрі де өмірден қайтып кетті. Ал өмір-өзен бәз баяғынша ештеңе болмағандай өз арнасымен ағып жатыр.

Мен де алпыстан асқан әже жасқа жеттім. Әкем есіме түскен сайын өзен жағалап ышқына жүгіріп «апалаған» дауысы құлағымның түбінде естілгендей болады да тұрады. Қолыма қалам алғанда сойқанды алапат селде анасын құтқарып қалу жолында барлық қажыр-қайратын жұмсаған марқұм әкемнің атына кір келтіре сөйлеген адамдардың жала сөздерінен арашалағым келді. Мен тірімін, болған оқиғаны өз көзіммен көрген куәгердің бірімін. Әжемді жерлеген соң, ауыл азаматы Баба Әлімжанов көмектесіп, жер берді. Содан үй салуға ниеттеніп, тақтай ағаштан орнатқан жаздық сарайда тұрғыздық. Бір төсек, бір шетінде темір ошақ болды. Сол жылы мен бірінші сыныпқа оқуға бардым. Әкем Көртоғайға күнде таңертең кетіп, көршілермен бірге құм-тасқа көміліп қалған марқұмдардың мәйіттерін іздеумен болды. Із-түзсіз жоғалып, табылмай кеткен адамдар да болды.

Ол кезде «Таушелектен» қарағай таситын жұмысшылар, жол жөн-

дейтін адамдар, ары-бері қатынайтын жолаушылар көпірдің астында және өзен бойында демалушылар өте көп болған. Үлкен жүк көліктері мен тракторлар да тізіліп тұратын. Сел болған күні демалып отырған адамдардың бәрі селдің астында қалды. Ауылдың бір жігіті биік терекке шығып, жан сақтаған екен. Селдің топырағы мен лайының астында қалып қойса да, көрер жарығы, татар дәмі таусылмағандықтан қатарға қосылып кетті.

Алматыдан шыққан автобус ішінен аман қалған 2 адамның бірі – рынқолдық Асқар Құдайбергенов еді. Мектеп бітіріп оқуға түсіп, қуанышпен ауылға келе жатқанда, Көртоғайдан шығар жерде селге ұшырасқан. Қасында Қалайы деген апайы болған. Ол кісінің сүйегі кейін 60 метр жерден табылыпты. Асқар аға көпір үстіне дейін ағып келгенде, селдің қатты ағысы оны жағаға лақтырып жіберген. Көпір темірінен ұстап, құм-тасқа көміліп қалған қолды қазып алғанда тірі болып шығыпты. Қазақта «Қырық жыл қырғын болса да, ажалың болмаса, өлмейсің» деген сөз осындайdan шықса керек. Кегеннен шыққан автобуска үлгермей қалған бір жолаушы басында ашуланып, артынан «шүкір» деп, құдайы тамақ таратқан деседі. Көп адамның өмірін қиған тасқынды көзбен көрген жеті жасар, намысшыл қыздың есінде қалғаны осы. Халқымыз осындай табиғат апатынан, жердің сілкінуінен сақтасын деп тілеймін.

Майра ТӘКЕНОВА,
Жамбыл ауданы, Қарғалы ауылы.

ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

ЕЛІМ ҮШІН НЕ ІСТЕЙ АЛАМЫН?

Еліміздің болашағы – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Сондықтан жастар тәрбиесі – тек отбасының немесе мектептің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әрдайым әділетті қоғам құрудың басты тірегі – адал азамат, еңбекқор ұрпақ және жасампаз патриот екенін атап келеді. Жастардың бойына осы қасиеттерді сіңіру – Тәуелсіз Қазақстанның баянды болашағын қамтамасыз етудің ең сенімді жолы.

Адал адам – ар-ұятты бәрінен биік қоятын, заңды құрметтейтін, ел мүддесін жеке басының пайдасынан жоғары қоятын тұлға. Адалдық – тек өтірік айтпау ғана емес, өз ісіне жауапкершілікпен қарау, еңбекқор болу, өзгенің ақысын жемеу, уәдеге беріктік таныту. Адал азамат көбейген сайын қоғамда әділдік орнығып, жемқорлыққа жол берілмейді. Сондықтан жас ұрпақтың бойына адалдық пен жауапкершілік қасиеттерін бала кезден қалыптастыру аса маңызды.

Жастар тәрбиесінің алғашқы мектебі – отбасы. Ата-ананың өнегесі, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, еңбекке баулу сияқты құндылықтар баланың өмірлік ұстанымына айналады. Бұған мектеп пен жоғары оқу орындары біліммен қатар тәрбие беруді ұштастырғанда ғана толық нәтиже шығады. Ұстаздың өнегелі сөзі мен ісі жас адамның мінезін қалыптастыруда ерекше рөл атқарады.

Табиғатты сүю – Отанды сүюдің ажырамас бөлігі. Қазақ халқы ежелден жерді, суды, орманды, жануарларды қастерлеген. «Жер – ана», «Судың да сұрауы бар» деген нақыл сөздердің өзі халқымыздың табиғатқа деген құрметін көрсетеді. Бүгінгі таңда қоршаған ортаны қорғау – бүкіл әлем алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Сондықтан жастарды ағаш отырғызуға, өзен-көлдерді таза ұстауға, қоқысты сұрыптауға, табиғи байлықтарды ұқыпты пайдалануға үйрету – уақыт талабы.

Табиғатты сүйетін жас өз туған жерінің әрбір тасы мен бұлағын, орманы мен дала-сын қадірлейді. Мұндай азамат туған өлкесінің көркеюіне үлес қосуға ұмтылады. Экологиялық мәдениет – өркениетті қоғамның басты белгілерінің бірі. Сондықтан та-

биғатты қорғау әр адамның азаматтық парызы болуы тиіс.

Патриотизм – туған жерді сүю ғана емес, оны дамытуға нақты еңбекпен үлес қосу. Жасампаз патриотизм дегеніміз – елді сөзбен емес, іспен сүю. Өз мамандығын жетік меңгеріп, адал еңбек ету, білім алып,



ғылыммен айналысу, кәсіп ашып, жұмыс орындарын құру, ауыл мен қаланың гүлденуіне атсалысу – мұның бәрі жасампаз патриотизмнің жарқын көрінісі.

Бүгінгі жастар заман талабына сай білімді, жанашыл, бәсекеге қабілетті болуы керек. Олар тек өз пайдасын емес, қоғамның игілігін де ойлайтын азамат болып қалыптасқанда ғана мемлекетіміздің қуаты арта түседі. Ұлттық құндылықтарды сақтай отырып, әлемдік білім мен технологияны игеру – қазіргі буынның басты міндеті.

Қазақ халқының ұлы ойшылдары Абай,

Шоқан, Ыбырай жастарды білімге, еңбекке, адамгершілікке үндеді. Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген өсиеті бүгін де өз маңызын жоғалтқан жоқ. Бұл қағида жастарды мейірімділікке, татулыққа және өзара сыйластыққа тәрбиелейді.

Жастардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, спортпен шұғылдануы, кітап оқуы, мәдени іс-шараларға қатысуы олардың рухани дамуына ықпал етеді. Теріс әдеттерден аулақ болып, уақытты пайдалы іске жұмсау – табысты өмірдің кепілі.

Қорытындылай айтқанда, адал адам тәрбиелеу, табиғатты қорғау мәдениетін қалыптастыру және жасампаз патри-



тизмді нығайту – өзара тығыз байланысты ұғымдар. Адал еңбек ететін, туған жерін сүйетін, табиғатты аялап, елінің дамуына үлес қосатын жастар – Қазақстанның ең үлкен байлығы. Осындай ұрпақ өсіп шыққанда ғана еліміз әділетті, қуатты әрі өркендеген мемлекетке айналады. Әрбір жас «Елім үшін не істей аламын?» деген сұрақты өзіне өмірлік ұстаным етсе, Қазақстанның болашағы бұдан да жарқын болары сөзсіз.

СИҚЫМБЕКТІҢ
Алтынбайы.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алатау-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.
«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4373
Тапсырыс №1700
Индексі – 65472.

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Ардагер ұйымы»
Республикалық қоғамдық бірлестігі
Алматы облыстық филиалы
Директор:
Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ